

БЕКІТЕМІН:
Мектеп директоры:
А.С.Абдрахманова



*Жарсай негізгі мектебінің
2021-2022 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау
жоспары*

Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың 2021-2022 оқу жылындағы сапасын бақылау

Тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша анықтама	Оқушылардың сабаққа қатысуын анықтау, себепсіз қалған оқушылармен жұмыс	Сыныптар	КҮНДЕЛІКТІ ТЕКСЕРУ	Қыркүйек	Сынып жетекшілер	бірлестік	Анықтама	
балаларға қосымша ілім беру бойынша көрсетілетін іс-шаралардың ұйымдастырылуы	оқушыларды үйірме, спорттық секция және клуб жұмыстарына тарту, құжаттарын жинақтау	Оқушылардың бос уақытын анықтау. Үйірме жетекшілерінің жұмысын бақылау	Үйірме жетекшілерінің жоспарымен танысу, оқушы санын анықтау	Қазан	ТЮ	бірлестік	Анықтама	
«Жас Ұлан ұйымының жұмыс жоспарын бақылау»	«Жас Ұлан ұйымының жұмысын жандандыру»	Тәлімгердің жұмыс жоспары	Жқмыс жоспарын, атқарылған жұмыстарын тексеру	Қараша	ТЮ	бірлестік	анықтама	
Мектеп психологтарының жұмыс жоспарын бақылау	Психологтардың жұмыс жоспарын бақылау	Психологтардың жұмыс жоспары	Психологтардың жұмыс жоспарын тексеру, оқушылармен жүргізілген жұмыстарды қадағалау	желтоқсан	ТЮ	бірлестік	анықтама	
Оқушылардың әлеуметтік картасын жасау туралы анықтама	Тәуекел тобындағы және аз қамтылған отбасы балалары туралы деректер жинау	Отбасы	Анықтамалар, Үй аралау жұмыстары	Қаңтар	ТЮ Әлеуметтік педагог	Бірлестік	Анықтама талдау	

Кәсіптік бағдар інша жұмыс арын бақылау	Кәсіптік бағдар жұмысының жүргізілуі	Кәсіптік бағдар жоспары	Сауалнама қортындыларын қарау, талдау	Ақпан	ДТДЖО	Бірлестік	анықтама	
Әлішілік есепте н оқушылармен латын жұмыстар алы анықтама	Класс жетекшілердің класс сағаттарын бақылау, Психологтармен байланыс орнату	жоспар	Мәлімет, анықтама	Наурыз	ДТДЖО	Бірлестік	Анықтама фотоотчет	
Мектептегі еріктілер тобының жұмысын бақылау	Еріктілер тізімін қарау, атқарылған жұмыстарына баға беру	жоспар	Инста парақшаны қарау	сәуір	ДТДЖО	бірлестік	Анықтама	
Жазғы лагерь жұмысының жоспарларын қарау	Сынып жетекшілермен лагерге оқушы тарту жөнінде жұмыстану	Сынып жетекшілермен жұмыс	Түсіндірме жұмыстарын дүргізу	Мамыр	ДТДЖО	Сынып жетекшілер, бірлестік	Ұсыныс	

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Г.О.Жанғалиева

2021-2022 оқу жылындағы сынып жетекшілердің жұмысын мектепшілік бақылау қорытындысы

Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларын тексеру мектепшілік бақылау бағыттарының бірі болып табылады.

Тексеру мақсаты: сынып жетекшілерінің жоспарларының 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының бағдарламасына сәйкестігін тексеру.

Тексеру барысы: сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарлары, тексеруді тәрбие ісінің орынбасары Жанғалиева Г.О., әлеуметтік педагог Мамбетова Д.С. жүргізді.
Тексеру нәтижелері: мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 1-9 сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарлары тексерілді. Сынып жетекшілеріне жоспар құрудың жалпы құрылымы ұсынылды, сонымен бірге олар үшін ең қолайлы форманы таңдау мүмкіндігін жоққа шығармады. Тәрбие жұмысының барлық жоспарларын сынып жетекшілері дер кезінде жинап, оқушылардың үйлеріне бару кестесі, сыныптың ата-аналар комитетінің мүшелері туралы мәлімет, пән мұғалімдері туралы мәліметтер, оқушылармен жеке жұмыс, дене шынықтыру –сауықтыру жұмыстары, қиын оқушылармен жұмыс, сабаққа қатысу, сынып бұрышы, зиянды әдеттердің алдын-алу жұмыстары көрсетілген.

Барлық сынып жетекшілерінде «техника қауіпсіздігі» журналы бар. Сынып жетекшілері түсіндіру жұмыстарынан кейін танысқаны туралы қол қояды.

Қорытынды:

-сынып жетекшілерінің ұйымдастырушылық функцияны орындауы қанағаттанарлық деңгейде жүргізіледі;

-Жоспар құру кезінде сынып ұжымы мен әр оқушының даму ерекшеліктері ескеріледі;

-Іс-шаралар мен тұлғаның дамуына жағдай жасауға бағытталған. Жалпы, мектеп пен сыныптардың тәрбие жұмысының мақсаттарының бірлігі байқалады;

-Тексеріс кезінде анықталғаны, барлық сынып жетекшілер сыныпта тәрбие жұмысын нақты жоспарлау міндетін қоймайды;

-5-9 сыныптарда «Еңбек және экономикалық тәрбие» бағытына жеткілікті көңіл бөлінбейді;

-Жоспарлаудың қиын мәселелерінің бірі – қызметтің түпкілікті нәтижесін анықтау, ұжым мен әр оқушының болашағын құру. Сынып жетекшілері тұлғаның дамуын диагностикалау әдістерін жеткіліксіз қолданады, нәтижесінде олардың тәрбие жұмысының тиімділігін байқау мүмкін болмайды;

Ұсыныстар:

- Сынып жетекшілеріне сыныппен тәрбие жұмысының мақсатын нақты белгілеу;
- Сынып жетекшілеріне мектеп психологтарымен тығыз байланыста жұмыс істеу;
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары барлық сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы бойынша жоспарларды уақытылы жасау қажеттілігіне назар аударылсын;

Мектепшілік бақылаудың негізгі бағыттарының бірі сынып жетекшілерінің күнделіктерін уақытылы тексеруін бақылау болып табылады.

Тексеру мақсаты: сынып жетекшілерінің күнделіктерді уақытылы тексеруі. Күнделікті жүргізудің бірінғай стандарттарын орындау.

1-9 сынып оқушыларының күнделіктерін тексеру негізінен сынып жетекшілері оқушылардың күнделіктерін рәсімдеуге және жүргізуге қойылатын бірінғай талаптардың сақталуын бақылау бөлігінде өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауға қатысты екенін көрсетті.

Тексеру кезінде төмендегідей жағдайлар анықталды:

- Оқушы күнделіктерінің сыртқы түрі қанағаттанарлық;
- Оқушылардың көпшілігі күнделіктерді мұқият жүргізеді;
- Оқушылардың күнделіктеріне ағымдағы бағаларды барлық сынып жетекшілері енгізеді;
- Кестедегі оқу пәндері көп жағдайда дұрыс қысқартылған және қатесіз мұқият жазылған;
- Күнделіктерді түрлі –түсті қаламдармен, қарапайым қарындашпен жасалған жазбаларда бар;
- Оқушылардың барлығы үй тапсырмасын толық жаза бермейді;
- Бағаларды түзету және корректорды қолдану да кездексен;
- Бірінші тексеріс кезінде оқушылардың көбінесе титулдық бетті, пән мұғалімдері туралы мәліметтерді, бірінші жартыжылдықтағы кесте бетін толтырмағандығы анықталып, ескерту жасалды. Кейінгі тексерісте аталған кемшіліктер жойылған.
- Жыл ішінде 60% ата-аналар ғана балаларының күнделіктерін уақытылы тексеріп, өз қолдарын қояды. Оқушылардың күнделіктерінің 1-9 сынып жетекшілерінің негізгі бөлігі уақытылы тексереді;
- Оқушылардың 85 % ның күнделіктері ұқыпты және ережелерге сәйкес жүргізіледі;

Осы бағыттағы жұмыстың басты мәселелерінің бірі –ата-аналардың балаларының күнделіктерін тексеруге салғырт қарауы және оларға қол қоймауы. Күнделік сынып жетекшісі мен ата-ананың, сондай-ақ ата-аналарға баласының мектеп өмірі туралы ақпарат берушінің арасындағы негізгі байланыс болып табылады. Бұл мәселе бойынша бірнеше рет сынып жетекшілері де, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары да ата-аналармен жеке әңгімелесу кезінде сыныптың ата-аналар жиналыстарында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

-2, 3, 4 сынып жетекшілерінің күнделіктері бойынша оң жұмыстар аталып өтілді, оқушылардың күнделіктері талапқа сай толтырылған, бағалары да толық қойылған, пікірлер жазылған. Сынып жетекшілері Жакешова Г.Т., Бисалиева У.Б., Балагура Л.Д.

-5-9 сыныптардың сынып жетекшілері оқушылардың күнделік толтыруға қойылатын бірінғай талаптарды орындауы бойынша жұмыстар күшейтілсін, оқушылардың күнделіктерімен тұрақты, сапалы жұмыстар жасалуы ескерілсін.

- Пән мұғалімдеріне үнемі, сабақтан аяқталғаннан кейін күнделікте бағалауды ұйымдастыру ескертілсін.

- Сынып жетекшілеріне күнделік толтыруда үздіксіз бақылау жүргізуді, қадағалау туралы, ата-аналар жиналыстарында күнделікті қадағалап отырып, оған қол қоюдың маңыздылығы туралы әңгімелесуді жүргізу ұсынылсын.

Мектепшілік тәрбие бақылау жұмысының жоспары, циклограммасы ай, апта сайын жүргізіледі. Тәрбие жұмысында нормативтік құқықтық құжаттарды тексеріп, толтыру, тәрбие жұмысының жоспарын бекітіліп, сынып жетекшілер тәрбие жұмысының жоспарын тексерілді. Педагогикалық педкеңестің шешімі бойынша сынып сағаты әр сәрсенбі күні сағат 08.00 де өткізіледі деп шешілді. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына демеушілік көрсетіліп 1 сынып оқушылармен жағдайы төмен оқушыларға кеңсе тауарларымен қамтылды, есеп жазылды. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жеке жоспары құрылып, әр сыныпта ата-аналар жиналысы өткізілді. Кезекші сынып және кезекші әкімшілік кестесі құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Кезекші әкімшілік кезекші мұғаліммен сағат 8.00 де мектепке келіп, оқушыларды қарсы алады. Мектеп бойынша сынып кезекшілігін ұйымдастыру, сынып жетекшілер өз жұмыстарын тиянақты орындау, оқушылардың сабаққа қатысуын, тазалығын, түр келбетін, киім үлгісін (классика стилінде) бақылау, сынып ішіндегі тазалықты қадағалау. Сабаққа қатыспаған оқушылардың ата-аналарына телефон шалып, оқушылардың себебін уақытында анықтау, кешіккен оқушылармен жеке әңгіме жүргізіледі.

Сынып жетекшілер сыныптарына арналған тәрбие жұмыс жоспарын құрып, ата-аналар жиналысының жоспарын ұйымдастырып, сыныптың әлеуметтік паспортын жасалып, тәрбие жұмысының меңгерушісіне тексертіліп, мектеп директорымен бекітілді. 1,5 сынып оқушыларымен мектеп психологі психологиялық диагностика өткізу бойынша адаптация (бейімдеу) жұмыстарын жүргізді.

Тәрбие ісінің орынбасары: *Жандар* Г.О.Жанғалиева

Жарсай негізгі мектебі бойынша
оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша

АНЫҚТАМА

2021-2022 оқу жылы басталысымен оқушылардың сабаққа қатысуы қатаң түрде қадағалануда. Әр күн сайын әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерінің қатысуымен сыныптар арасында 1 сабаққа дейін рейд жүргізіледі. Рейдтің қорытындысы бойынша, егер себепсіз қалған оқушы болса, міндетті түрде сынып жетекшісі анықтап, кейін ол оқушыдан түсініктеме талап етіледі. Оқушылардың сабақ босатуының негізгі себебі: денсаулық жағдайына байланысты болып жатады. Әрине олардың анықтамалары бар. Егер оқушы сабақты себепсіз 3-4 күн босатса, комиссия мүшелері тағайындалып, оқушының ата-анасымен байланысқа түсіп, акт жасалады. Комиссия мүшелері міндетті түрде мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі және тәрбие ісінің меңгерушісінен құралады. Осы 2021-2022 оқу жылының I-жартыжылдығында сабақтан себепсіз қалған оқушылар тіркелген жоқ.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: *Жанф* - Г.О.Жанғалиева

**Жарсай негізгі мектебі бойынша
сынып сағаттарының өтілу сапасын тексеру қорытындысы туралы**

АНЫҚТАМА

Бақылау нысаны: Сынып сағаттарының өтілу сапасын тексеру қорытындысы.

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарының орындалуы

Мерзімі: ЖЕЛТОҚСАН

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жоспары ҚР білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде бекітілген, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамасын негізге ала отырып ҚР Білім және ғылым министрлігі Ақтөбе облысының білім басқармасының 19 тамызындағы №252 бұйрығымен бекітілген, осы бұйрықтың I-қосымшасына сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері қабылданған, аталмыш бұйрықтың 2 – қосымшасына сәйкес «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамасы негізінде, Қобда аудандық білім бөлімінің 2019 жылғы тамыздағы №676 бұйрығымен бекітілген 2021 – 2022 оқу жылындағы ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хатын басшылыққа ала отырып жасалды. Әр сыныпта тәрбие жұмысы оқу жылының басында бекітілді. Сынып сағаты аптаның жұма күні әр сыныпта өткізіледі. Бастауыш сыныптарда және 5-9 сыныптарында сынып сағаттары жүйелі түрде өтіледі. Желтоқсан айында 5-6 қазақ сыныбында «Адал және сатылмайтын» тақырыбында ашық тәрбие сағаты, сынып жетекшісі Г.Ж.Биксариеваның жетекшілігімен өтілді. Тәрбие сағатына сай безендірулер жасалынып, оқушылар өте жақсы дайындалған. 1-желтоқсан Елбасы күніне орай «Менің Елбасым», «Тұңғыш Елбасы» деген тақырыптарда өтілді. Елбасының өмірбаяны, еңбек жолы туралы оқушылар мәліметтер алып, елбасына арналған өлең жолдарын оқыды. 9-сынып жетекшісі К.С.Аяпбергенова желтоқсан айының 1-ші жұлдызы ЖКТБ-ға қарсы күрес күніне орай сынып сағатын өткізді. Қаңтар ақпан айларында «Дос және достық», «Аталар мұрасы – халық қазынасы», «Сүйкімі дүниенің сұлулықта», «Ұлы тұлғалар есімізде», «Мұқағали мәңгілік ғұмыр», «Ауғанстан ақиқаты», тақырыптарында сынып сағаттары өтілді.

Ескерту! Сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын, сынып сағаттарын өткізу барысында көрнекілікті кеңінен пайдаланып, балаға тәрбие сағатын сезінетіндей, мағыналы өткізуге жұмыстансын.

Қорытынды мен ұсыныс: 1. Сынып жетекшілердің жауапкершіліктері күшейтілсін.
2. Сыныппен жұмыс жандандырылсын. 5-6 «б», 2-4 «а», 7-8 «а» сынып жетекшілері сыныппен жұмысын жүйелесін.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: *Жаңғалиева* Г.О.Жанғалиева

Анықтама

/мектепшілік бақылау бойынша/

«Кел, балалар оқылық!» салтанатты жиыны. «Тәуелсіздік жетістіктері» бірінші тәрбие сағаттары бойынша өткізілген бақылаудың нәтижелері туралы анықтама.

Бақылау күні: 1.09.2021 ж, 1 қыркүйек - Білім күніне арналған "Кел, балалар, оқылық!" тақырыбында салтанатты жиын өтті. Шара қонағы, Қобда аудандық қаржы бөлімінің басшысы Кандыбова Динара мектеп табалдырығын енді ғана аттап тұрған бүлдіршіндерге ақ тілегін арнап, естелік сыйлықтар табыс етті. Биылғы оқу жылының басты жаңалығы болған А.Байтұрсынұлының әдістемесіне негізделген "Әліппе" кітабын салтанатты түрде табыстады. Осы тұста, 2-9 сыныптарға ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Күні:

Бақылау барысында анықталды:

1. Мектепте 2021-2022 оқу жылында 8 оқушы 1-ші сыныптың салтанатты жиынында болды. 36 оқушы тәрбие сағатында болды.


2. Барлық мұғалімдер тәрбие сағатарының жоспарын уақытылы тексеруге тапсырды.

Ұсыныстар:

1. Тәрбие сағатындағы оқушылардың белсенділігін көтеру.

Бақылауды жүргізген: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.О.Жанғалиева



Үйірмелердің өтілу барысы бойынша АНЫҚТАМА

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес Жарсай мектебінің әкімшілігі тарапынан үйірме жұмысының өту барысы тексерілді.

Тексеріс мақсаты: Үйірме жұмысының жүйелі жүргізілуін қадағалау.

Тексеріс нәтижесінде анықталды:

Мектепте 2021-2022 оқу жылында 0,25 бірлікте барлығы 3 үйірме жұмыс жасайды. Олар: «Туризм», «Ниткография», «Умелые руки» үйірмелері. Тізім бойынша 15 оқушы үйірмеге қатысады.

«Умелые руки», «Ниткография» үйірмелерінің жетекшісі Глушко Надежда Викторовна. Үйірменің жылдық жоспары құрылған және үйірмелер кестесіне сәйкес жүйелі жұмыс жасауда. Өтілу барысынан фото есеп бар. Үйірме журналы уақытылы толтырылған.

Үйірмеге қатысатын оқушылар мектепшілік және аудан көлеміндегі қоғамдық-мәдени шараларға белсенді қатысады. Әр мерекеге сай безендіру жұмыстарына қатысады, балалардың сурет көрмесі, қол өнер бұйымдарының көрмесі үнемі өткізіледі.

ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген «Біз – тәуелсіз елдің ұланымыз!» атты сырттай республикалық суреттер байқауына қатысып, Аманғали Райхан I-дәрежелі дипломмен марапатталды. «Ұлттық салт дәстүр және әдет-ғұрыптар: «Кеше, бүгін, ертең» атты шығармашылық байқауына белсене қатысқаны үшін Аманғали Райхан мақтау қағазы, мектеп оқушылары мен жастар шығармашылығын дамыту мақсатында өткізілген халықаралық фестиваль байқауында «Изобразительное искусство» номинациясы бойынша топтық жұмыста мектеп оқушылары I-орын иеленіп, Аманғали Райхан «Изобразительное искусство» номинациясы бойынша I-орынды жеңіп алды.

«Туризм» үйірмесі, жетекшісі Мамонтов Алексей Вячеславович. Үйірменің жылдық жоспары құрылған және үйірмелер кестесіне сәйкес жүйелі жұмыс жасауда. Өтілу барысынан фото есеп бар. Үйірме журналы толтырылған.

«Балалар мен жасөспірімдер туризмінің 50 жылдығына орай және альпинист Тағыбергенов Меркебайдың 85 жылдығына арналған «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың облыстық слет кезеңінің қашықтықтағы байқауында топтық есепте Жарсай негізгі мектебінің командасы- дипломмен марапатталса, «Экологиялық соқпақ» номинациясы бойынша Жир Даниил мен Беспалько Ирина мақтау қағаздары тасбысталды. Сонымен қатар Жир Даниилға «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетіне қатысқаны үшін сертификат табыстылды.

Жоғарыда аталған 3 үйірменің тәрбиеленушілері шағын құрамда, барлық санитарлық талаптарды сақтап мектепке келеді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Г.О.Жанғалиева